

**"Жолсерік" мемлекеттік холдинг компаниясы акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакеттерін сату туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 19 ақпандағы N 215. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.10.04. N 1278 қаулысымен. ~P011278

1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл Бағдарламасын орындау үшін, экономиканы басқару жүйесін жетілдіру, бәсекені дамыту және жекешелендіру процестерін тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Жолсерік" мемлекеттік холдинг компаниясының 1-қосымшаға сәйкес акционерлік қоғамдардың мемлекеттік мүлкі мен мемлекеттік акциялар пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқықтарын тоқтатсын;

"Жолсерік" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамына кірген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерін қайтарып, негізгі қызмет бейіні сақталған жағдайда оларды кейін сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін;

"Болатжол" және "Түркістан Тау теміржолы" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакеттерінің 39 процентін сатып алған шаруашылық жүргізуші субъектілерге темір жолдардың кіріс жолдарын 2-қосымшаға сәйкес басқаруға берсін;

"Жолсерік" мемлекеттік холдинг компаниясының балансындағы мүлікті, кейін сатып алу құқығымен, "Жолсерік" жауапкершілігі шектеулі серіктестікке екі ай ішінде жалға берсін;

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Жолсерік" мемлекеттік холдинг компаниясына кірген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерін өнеркәсіп орындарының кіріс жолдарына темір жол қызметін көрсету жүйесіндегі заңды тұлғалар мен жеке адамдарды тартып, жабық тендерлерде сатсын.

3. "Жолсерік" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 27 тамыздағы N 739 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 387-бап/ күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы  
19 ақпандағы  
N 215 қаулысына  
1-қосымша

Мемлекеттік акциялар пакеті қайтып алынатын

акционерлік қоғамдардың  
ТІЗБЕСІ

"Теміржол" АҚ, Ақтөбе қаласы  
"Жарықжол" АҚ, Алматы қаласы  
"Жолашар" АҚ, Алматы қаласы  
"Болатжол" АҚ, Атырау қаласы  
"Достық жолы" АҚ, Құлсары поселкесі, Атырау облысы  
"Далажол" АҚ, Теміртау қаласы, Қарағанды облысы  
"Темірсерік" АҚ, Талдықорған қаласы  
"Түркістан Тау теміржолы" АҚ, Кентау қаласы, Оңтүстік Қазақстан  
облысы  
"Теміржол" АҚ, Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы  
19 ақпандағы  
N 215 қаулысына  
2-қосымша

Басқаруға берілуге жататын объектілердің

ТІЗБЕСІ

Темір жолдардың кіріс жолдары:

Мақат-Индер

Жетісай-Шардара

Түркістан-Кентау